

Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы бойынша сыйақының (мүдденің) шекті мөлшерін және лимитін анықтау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 6 маусымдағы N 863.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 ақпандағы
№ 112 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.02.2016 № 112 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы бойынша сыйақының (мүдденің) шекті мөлшерін және лимитін анықтау ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 6 маусымдағы
N 863 қаулысымен бекітілген

Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы бойынша сыйақының
(мүдденің) шекті мөлшерін және лимитін анықтау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының заемдары бойынша сыйақының (мүдденің) шекті мөлшерін анықтау мен бақылау тәртібін және

жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу лимитін пайдалануын анықтау және есепке алу тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары тартатын заемдар бойынша сыйақының (мүдденің) шекті мөлшері деп жылдық сыйақының (мүдденің) проценттерінде алынған жергілікті атқарушы органдардың сыртқы және ішкі заемдарды тартуға және оларға қызмет көрсетуге байланысты жиынтық шығындардың ұйғарынды деңгейі ұғынылады.

3. Жергілікті атқарушы органның қарыз алу лимиті деп тиісті жылға арналған жергілікті бюджетте белгіленетін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қабылданған шарттар мен шектеулерде жергілікті атқарушы органның жаңа заемдар тартуының шекті көлемі ұғынылады.

4. Тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы Заңымен бекітілетін жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының жиынтық лимиті:

бекітілген инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерді несиелендіру үшін көзделетін қаражаттың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві құрамындағы арнайы резервтен (бұдан әрі - арнайы резерв) төмен тұрған бюджеттерді несиелендіру үшін қаражаттың көлемін;

Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілген аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органдардың заңды және жеке тұлғалардан қарыз алу көлемінің шекті ұйғарынды өлшемін қамтиды.

5. Арнайы резервтің қаражатын қалыптастыру және пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қаражатын пайдалану ережесімен белгіленеді.

Аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу қаражатының лимитін анықтау мен пайдалану тәртібі осы Ережемен белгіленеді.

2. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы жөніндегі сыйақының (мүдденің) шекті мөлшерін анықтау

6. Жергілікті атқарушы органдардың заемдары бойынша сыйақының (мүдденің) шекті мөлшерін анықтауды капиталдың ішкі және сыртқы рыноктарындағы несие ресурстарына сұраныс пен ұсынысты талдау және болжау, ұлттық және шетел валюталары бағамдарының өзгеруі негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) жүргізеді.

7. Рыноктардағы жағдайларға талдау мен болжауды қамтамасыз ету

мақсатында Министрлік капитал рыноктары мен валюта рыногының негізгі көрсеткіштерінің мониторингін ұйымдастырады және жүзеге асырады.

8. Капитал рыноктарындағы жағдаятты ескере отырып Министрлік капитал рыноктары, заемдар мен валюталардың түрлері бойынша сараланған тиісті жылға және тоқсанға арналған жергілікті атқарушы органдардың заемдары бойынша сыйақының (мүдденің) шекті мөлшерін белгілей, сондай-ақ өзгерте алады.

9. Тиісті кезеңге анықталған жергілікті атқарушы органдардың заемдары бойынша сыйақының (мүдденің) мөлшерлері Министрліктің бұйрығымен ресімделеді, жергілікті атқарушы органдардың назарына жеткізіледі және Министрліктің ресми басылымдарында жарияланады.

3. Аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу лимитін анықтау

10. Аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының шекті ұйғарымды көлемін анықтауды олар жинақтаған борыштың, қаражаттың түсу ағындарының, сыйақы ставкаларының, жергілікті атқарушы органдар заемдарының валюталары бағамының болжамды өзгеруінің берілген үйлесімдерін және шектеулерін ескере отырып, жергілікті бюджеттің кіріс бөлігі динамикасына қатысты қолданыстағы заемдарды өтеудің және қызмет көрсету көлемінің және құрылымының өзгеру динамикасын бағалаудың негізінде Министрлік жүргізеді.

11. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының шекті ұйғарымды көлемін анықтау жөнінде есептеме жүргізу үшін Министрлікте жергілікті атқарушы органдардың барлық заемдарының шарттары, заемдарды игерудің, өтеудің және оларға қызмет көрсетудің, кестелері мен іс жүзіндегі көрсеткіштері жөніндегі ақпаратты қамтитын жергілікті атқарушы органдардың заемдары бойынша деректердің базасы қалыптастырылады және жүргізіледі.

12. Жергілікті атқарушы органдар жергілікті атқарушы органдардың қолданылып жүрген заемдары бойынша деректерді, ағымдағы жылы жаңа заемдарды игерудің, оларға қол қоюдың болжамдары, сондай-ақ кейінгі бес жылдың ішінде жергілікті бюджет кірістерінің болжанып отырған көлемі бойынша деректердің базасын қалыптастыру және жүргізу үшін барлық қажетті ақпараттың Министрлікке берілуін қамтамасыз етеді.

13. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының шекті ұйғарымды көлемін есептеу кезінде төмен тұрған бюджеттерді несиелендіру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнаулы резервінен алынған қаражатты республикалық бюджетке қайтару жөніндегі өткен жылы іс жүзінде орындамаған жергілікті

бюджеттің міндеттемелерінің көлемі ескеріледі.

14. Аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органның қарыз алу лимитін анықтаған кезде мынадай шектеулер пайдаланылады:

тиісті қаржы жылына арналған жергілікті атқарушы органның қарыз алу лимиті жергілікті бюджеттің осы жылға арналған кірістерінің 10 пайызынан аспауы тиіс;

жергілікті атқарушы орган борышының лимиті тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет кірістерінің 25 пайызынан аспауы тиіс;

жергілікті атқарушы органның борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығыстардың көлемі тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет кірістерінің 10 пайызынан аспауы тиіс.

15. Аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының лимитін анықтауды олар заңнамада белгіленген шектеулерді сақтаған кезде жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының бағаланатын мүмкіндігіне есеп айырысу жүргізу жолымен Министрлік жүзеге асырады. Есеп айырысулардың нәтижелері бойынша, сол сияқты жергілікті атқарушы орган борышы лимитінің ұйғарынды мәні анықталады және жергілікті атқарушы органдарға ұсынылады.

4. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының жиынтық лимитін бөлу тәртібі

16. Жергілікті атқарушы органдар бойынша қарыз алудың жиынтық лимитін бөлуді Министрліктің ұсыныстарының негізінде республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының Президенті құрған бюджет комиссиясы жүзеге асырады және тиісті жылға арналған басқа да бюджеттік көрсеткіштермен қатар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

17. Жергілікті атқарушы органдар бойынша қарыз алудың жиынтық лимитін бөлу жөніндегі Министрліктің ұсыныстары жергілікті атқарушы органдардың заемдарын талдаудың, негізгі іс жүзіндегі және болжамды макроэкономикалық, бюджеттік көрсеткіштер мен мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыштың алдағы онжылдық кезеңіне арналған жай-күйінің және болжамының жыл сайынғы біріктірілген бағасын дайындауды жүзеге асыру

мерзімдерінде жергілікті атқарушы органдардың әрқайсысы үшін шектеулердің негізінде қалыптасады.

18. Министрлік ұсыныстарды әзірлеген кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен келісу үшін жергілікті атқарушы органдар

дайындайтын аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін заемдарды тарту жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары ескеріледі.

5. Бақылау

19. Осы Ереженің сақталуын бақылауды Министрлік жүзеге асырады.

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Орынбекова Д.Қ.